

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ» бағыты бойынша Академиялық
комитеттің кезекті №5 мәжілісінің хаттамасы**

Түркістан қаласы
Ректорат ғимараты, 222-аудитория/сағат 14:30

14.02.2023 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар: АҚ төрағасы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М., Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов С., Экономика, басқару және құқық факультетінің декан орынбасары Байбақов Н., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Г. Тасболатова, Шалтаева М. және Киянбекова А., Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АҚ мүшесі, Академиялық персоналдар: Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының доц. м.а PhD Тажибаев Р.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: «Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі» басшысы Н.Аралбеков

АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері: 7М03140-Халықаралық қатынастар мен 7М03117-Саясаттану білім беру бағдарламасының магистранттары.

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер.

1.1. 7М03140-Халықаралық қатынастар мен 7М03117-Саясаттану білім беру бағдарламаларын 2023-2024 оқу жылына жаңарту.

Жауаптылар: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, доц. м.а PhD Тажибаев Р.

Бұл мәселе бойынша алдымен Экономика, басқару және құқық факультеті Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек. 7М03140-Халықаралық қатынастар мен 7М03117-Саясаттану білім беру бағдарламасының жобасымен таныстыру баяндамасын жасады.

Доц. PhD А.Амирбек 7М03140-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері келесідей өзгеруді ұсынды:

1. Халықаралық оқиғаларды қойылымды-сараптамалы болжау/ Жаһандық саясаттағы салыстырмалы аймақтандыру және аймақтық ұйымдар- 5-тен 7 кредитке
2. Халықаралық қатынастарда ойын теориясы/ Салыстырмалы саясат теориялары– 5-тен 6 кредитке
3. Қазіргі халықаралық қатынастардағы қақтығыс, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелері/ Миграция және халықаралық саясат– 5-тен 6 кредитке

Сонымен қатар, Доц. PhD А.Амирбек 7М03117-Саясаттану білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрылымына тоқталды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқаруына байланысты, Бейіндеуші пәндер циклінің таңдау компонентіндегі келесі пәндердің кредиттері келесідей өзгертуді ұсынды:

1. Әлемдік саяси процестер теориясы/ Қазақстандағы саяси процестер- 5-тен 6 кредитке
2. Әлеуметтік саясат негіздері/ Гендерлік саясаттану– 5-тен 7 кредитке
3. Саяси жүйелер модернизациясы/ Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар– 5-тен 6 кредитке

Баяндамадан кейін, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М. сөз алып, ұсыныстарды қарастыруды және 7М03140-Халықаралық қатынастар мен 7М03117-Саясаттану білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған өзгерістерді құптағанын білдірді. Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек аталған екі БББ бойынша оңтайландыру жұмысын тез арада бітіріп тиісті бөлімге ұсынатынын айтып өз сөзін аяқтады.


Шешім: 7М03140-Халықаралық қатынастар мен 7М03117-Саясаттану білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған өзгерістерді қанағаттанарлық деп танылсын және факультет кеңесінде қаралып, Академиялық комитет шешімімен жаңартылып, реестрге жіберілсін.

**Академиялық комитет
төрағасы:**



Амирбек А.

**Академиялық комитет
хатшысы:**



Тажобаев Р.